

*Тақырыбы: Науқасты күткенде
коммуникатівті дағдыларды
дамыту және олардың жауясымен
танысып тіл табысу*

Қабылдаған: Каукешова Н.

Орындаған: Учкунова Х.

ЖОСПАРЫ

□ I.Кіріспе

□ II.Негізгі бөлім

1.Дәрігер-емделуші-емделушінің
жанұясы арасындағы қарым қатынас.

2.Медицина қызметкерлерінің
міндеттері

□ III.Қорытынды



КІРІСПЕ

- Емдеу мекемесі туралы алғашқы әсердің жағымды , не жағымсыз болуы медицина қызметкеріне , осы жердегі жұмыс тәртібі мен жай-ахуалға байланысты қалыптасады. Сонымен қатар емделушінің ем қабылдауы және жалпы жағдайы медициналық этикаға тікелей байланысты.
- ДДҰ 2015 жылы 25 қарашадағы статистикалық зерттеуінде ем қабылдау тиімділігінің 52,6 пайызы медициналық этиканың дұрыстығына байланысты екені көрсетілген.





МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕР — ЕМДЕЛУШІ.

- Медбике емделушімен сабырлы әрі ашық жарқын сөйлесуге міндетті. Дөрекі, тұрпайы немесе тым ресми сөйлесуге тыйым салынады. Науқастарға «Сіз» деп және аты мен әкесінің атын атап сөйлескен жөн.
- Науқастың жанында тұрып оның диагнозын, емдеу жоспарын талқылауға, палатадағы өзге де науқастардың денсаулығын әңгімелеуге тыйым салынады.
- Күрделі және ауырсындыратын емшараларды бастамас бұрын медбике осы емшаралардың мәнін, мағынасын және қажеттілігін түсінікті түрде науқасқа түсіндіруі және тыныштандыруы қажет.



«МЕДБИКЕ – ЕМДЕЛУШІНІҢ ТУЫСҚАНДАРЫ»

АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР

- Ұстамдылықты, сабырлылықты, тыныштықты және әдептілікті сақтауы қажет;
- Күрделі науқастарды күтушілерге емшара мен манипуляцияларды дұрыс орындау тәртібін түсіндіруі тиіс;
- Тек өз құзыреті шеңберінде сұхбаттасуы (науқастың сырқаты, болжамы жөнінде әңгімелемей, дәрігерге жолдау) тиіс;
- Қойылған сұрақтарға сабырлы жауап беруі қажет, күрделі науқаста дұрыс күте білу ережелерін шыдамдылықпен үйретуі тиіс.





МЕДБИКЕ МІНДЕТТЕРІ

- Керекті медикаменттерді дер кезінде жазып алады және бөлімнің бас мейірбикесіне береді.
- Дәрігер қарауы кезінде қатысу керек, емделушілердің жағдайы туралы мәлімет беруі керек, дәрігердің науқастарды емдеуі, күтімі бойынша тапсырыс алуы керек.
- Тағайындау парағын дұрыс жүргізу, оны ауру тарихында жазылған белгілермен дер кезінде салыстырып отыруы керек.
- Емделушілердің рентгеноскопияға, рентгенографияға, зертханалық зерттеулерге дайындығын қамтамасыз ету.
- Дене қызуын тіркеу парағын, талдау, ЭКГ және де басқа ауру тарихын (жапсыру) уақытымен рәсімдеп отыру керек.
- Жаңа түскен емделушілерді бөлімнің белгіленген тәртібімен таныстыру.





ҚОРЫТЫНДЫ

- Емдеу жұмыстары барысындағы дәрігер мен науқастың қарым-қатынасының моральді-этикалық мәселелері деонтологияның маңызды тармағы болып табылады. Емдеу мекемесі туралы алғашқы әсердің жағымды, не жағымсыз болуы медицина қызметкеріне, осы жердегі жұмыс тәртібі мен жай-ахуалға байланысты қалыптасады.
- Емдеуші дәрігер кез-келген мекеменің буыны, бетке ұстар беделі болып табылады. Сондықтан дәрігерге құрметпен карап, жоғарғы беделге жетуіне қолдау көрсету аурухана әкімшілігінің де, клиника басшылығының да, маңызды міндеті саналмақ.

